

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ӨНЕР, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ ИНСТИТУТЫ



**Бекітілді**

Институт (факультет) кеңесінде  
Хаттама № \_\_\_\_\_, « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201\_\_ ж.

Институт директоры Исабек Н.Е.  
(аты-жөні)



(КОЛЫ)

**ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мамандық 6М010800 - «Дене шынықтыру және спорт»

- 1 пән «Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі»
- 2 пән «Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесін оқыту»
- 3 пән «Дене шынықтыру және спорт түрінің физиологиялық негіздері»

Алматы, 2018

## Мазмұны

Түсініктеме хат.....	7
<b>Кіріспе</b> .....	10
<b>Бағдарлама мазмұны</b> .....	11
<b>«Дене тәрбиесі және спорт теориясы мен әдістемесі»</b> .....	11
<b>1 бөлім. Дене тәрбиесі мен спорт теориясының жалпы негіздері</b> .....	11
1-тақырып. Дене тәрбиесі мен спорт теориясына кіріспе.....	11
2-тақырып. Дене тәрбиесі мен спорт теориясындағы зерттеу әдістері.....	11
3-тақырып. Дене тәрбиесі мен спортты қолданудың қызметтері, формалары және бағыттары.....	11
4-ақырып. Дене тәрбиесі мен спорт жүйесі .....	11
5-тақырып. Дене тәрбиесі, спорт және дене шынықтыру құралдары .....	12
6-тақырып. Дене тәрбиесі, спорт және дене шынықтыру әдістері.....	12
7-тақырып. Дене тәрбиесі, спорт және дене шынықтыру принциптері .....	13
<b>2 бөлім. Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері</b> .....	13
1-тақырып. Қозғалыс қимылдарын үйрету әдістемесінің негіздері .....	14
2-тақырып. Физикалық қасиеттер дамуының теориялық негіздері .....	14
3-тақырып. Күш қабілеттері және олардың бағытты даму әдістемесі .....	14
4-тақырып. Жылдамдық қабілеттері және олардың бағытты даму әдістемесі .....	15
5-тақырып. Төзімділік және оның бағытты даму әдістемесі .....	15
6-тақырып. Координациялық қабілеттер және олардың бағытты даму әдістемесі .....	15
7-тақырып. Ептілік және оның бағытты даму әдістемесі .....	16
8-тақырып. Дене тәрбиесі процессінде кеуденің және дене қалпының қалыптасуы .....	16
9-тақырып. Дене тәрбиесіндегі сабақтар құрылысының формасы .....	17
10-тақырып. Дене тәрбиесіндегі жоспарлау және бақылау .....	17
<b>3 бөлім. Дене тәрбиесінің жастық негіздері</b> .....	17
1-тақырып. Дене тәрбиесі көпжылдық процесс ретінде және әртүрлі жастық даму кезеңдеріндегі оның ерекшеліктері .....	17
2-тақырып. Ерте жастағы балалардың дене тәрбиесі .....	17
3-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесі .....	17
4-тақырып. Адамдардың еңбек жұмысының негізгі кезеңіндегі дене тәрбиесі және спорт (ересек жас) .....	18
5-тақырып. Қарттық және егде жастағы адамдардың дене тәрбиесі және спорт .....	18
<b>4 бөлім. Білім беру жүйесіндегі дене тәрбиесінің негіздері</b> .....	18
1-тақырып. Жалпы білім беретін мектептегі дене тәрбиесі .....	18
2-тақырып. «Дене тәрбиесі» оқу пәнінің мазмұны .....	19
3-тақырып. Жалпы білім беретін мектептегі оқу процессін жоспарлау әдістемесі .....	19
4-тақырып. Жалпы білім беретін мектепте дене тәрбиесі сабағын өткізу әдістемесі.....	19
5-тақырып. Оқушылардың дене тәрбиесіндегі педагогикалық бақылау .....	19
Тема 6. Сыныптан тыс және мектептен тыс дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-массалық жұмыс .....	19
7-тақырып. Кәсіби-техникалық, орта біліктілік және жоғары білім алуды қамтамасыз ететін білім беру мекемелеріндегі дене тәрбиесі .....	19
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі .....	21
<b>«Дене тәрбиесі мен спортты оқытудың әдістемесі»</b> .....	22
<b>1 бөлім. Мектепте дене тәрбиесін оқытудың әдістемесі, оның тарихы және дамуы...</b>	22
1-тақырып. Педагогикалық ғылымдардың бірі «Дене тәрбиесі» дисциплинасын оқытудың әдістемесі .....	22

2-тақырып. «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты, тапсырмалары.....	22
3-тақырып. Дене тәрбиесін оқыту әдістемесінде қолданылатын зерттеу әдістері.....	22
4-тақырып. Дене тәрбиесін оқытудың даму тарихы және оның өзекті проблемалары.....	22
5-тақырып. Педагогикалық жүйеде «Дене тәрбиесі мен спортты оқытудың әдістемесі» пәнінің мазмұны .....	22
<b>2 бөлім «Дене тәрбиесі» пәнінің дидактикалық жүйесіндегі сабақ.....</b>	<b>23</b>
1-тақырып. «Дене тәрбиесі мен спортты оқытудың әдістемесі» пәніндегі дидактикалық процесстер.....	23
2-тақырып. «Дене тәрбиесі мен спортты оқытудың әдістемесі» пәнінің дидактикалық жүйесіндегі сабақ.....	23
3-тақырып. Дене тәрбиесі сабақтарын құрастыру әдістері .....	23
4-тақырып. Педагог және оқушылар жұмысының түрлері.....	23
5-тақырып. Оқушылардың дене тәрбиесі сабағындағы ойлау қабілеті мен шығармашылық дене тәрбиесі-спорттық қабілеттердің дамуы .....	23
6-тақырып. Дене тәрбиесі сабақтарындағы дене шынықтыру түсініктерінің қалыптасу процесі .....	23
<b>3 бөлім. Дене тәрбиесі сабақтарындағы оқыту нәтижелерін бағалау әдістері.....</b>	<b>23</b>
1-тақырып. Білім беру мекемелерінің оқу-тәрбиелік процессіндегі бағалау-аналитикалық бағдарлама.....	23
2-тақырып. Дене тәрбиесі сабақтарындағы оқу-тәрбиелік процессіндегі педагогикалық бақылау.....	23
<b>4 бөлім. «Дене тәрбиесі» пәнін оқыту процессіндегі заманауи ақпараттық және коммуникативтік технологияларды қолдану .....</b>	<b>24</b>
1-тақырып. Оқыту процессіндегі заманауи ақпараттық және коммуникативтік технологияларды қолдану .....	24
2-тақырып. Оқытудағы ақпараттық және ақпараттық-жұмыстық модельдерді реализациялаудағы ақпараттық және коммуникативтік технологиялар.....	24
<b>5 тарау. Дене тәрбиесі мен спортты оқыту әдістемесі саласындағы инновациялық технологиялар .....</b>	<b>24</b>
1-тақырып. Оқыту технологиялары.....	24
2-тақырып. Дене тәрбиесі мен спортты оқыту әдістемесі саласындағы инновациялық технологиялар мен әдістер .....	24
<b>6 бөлім. Дене тәрбиесінің спецификасы және білім беру мекемелеріндегі «Дене тәрбиесі» пәнін оқытудың ерекшеліктері. Жалпы және жеке әдістемелер.....</b>	<b>24</b>
1-тақырып. Дене тәрбиесінің спецификасы және мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі «Дене тәрбиесі» пәнін оқытудың ерекшеліктері .....	24
2-тақырып. Дене тәрбиесінің спецификасы және білім беретін мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнін оқытудың ерекшеліктері .....	24
3-тақырып. Дене тәрбиесінің спецификасы және арнайы, қосымша мектептерде, мектеп-интернаттарда «Дене тәрбиесі» пәнін оқытудың ерекшеліктері .....	24
4-тақырып. Дене тәрбиесінің спецификасы және балаларды қосымша оқыту мекемелеріндегі «Дене тәрбиесі» пәнін оқытудың ерекшеліктері .....	25
<b>7 бөлім. Дене тәрбиесі мен спортты оқыту әдістемелерінің заманауи негіздері және спорттық-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру.....</b>	<b>25</b>
1-тақырып. Сауықтыру лагерьлеріндегі спорттық-сауықтыру жұмысын ұйымдастыру .....	25
2-тақырып. Тұрғылықты орнындағы спорттық-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру....	25
<b>8 бөлім. Дене шынықтыру-спорт жұмысының тәрбиелік потенциалы .....</b>	<b>25</b>
1-тақырып. Дене тәрбиесі сабақтарындағы оқушыларды тәрбиесі .....	25
2-тақырып. Тәрбиелік процесстің мазмұны.....	25
3-тақырып. Дене шынықтыру мен спорт сабақтары процессіндегі тәрбиелеу	25

ерекшеліктері .....	
<b>9 бөлім. Спорт түрлері бойынша секциялардың жұмыс әдістемелері. Жалпы білім беретін мектептегі дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың әдістемесі .....</b>	26
<b>Ұсынылатын әдебиеттер тізімі.....</b>	26
<b>Қосымша:.....</b>	26
<b>«Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиясы» .....</b>	26
<b>1 Бөлім. Дене тәрбиесі мен спорт түрлеріндегі физиологиялық негіздер және адаптацияның ролі .....</b>	26
1-тақырып. Пән және курстың тапсырмасы .....	26
2-тақырып. Организмнің бұлшық ет жұмыстарына адаптациясы және организмнің физиологиялық резервтері .....	26
3-тақырып. Спортшының физиологиялық резервтері .....	27
<b>2 Бөлім. Спорттық жұмыс кезіндегі организмнің функционалды жағдайының физиологиялық сипаттамасы .....</b>	27
1-тақырып. Старталдылық реакциялар физиологиясы және олардың физиологиялық сипаттамасы .....	27
2-тақырып. Шаршау мен қалпына келу физиологиясы .....	27
<b>3 Бөлім. Физикалық жаттығулардың физиологиялық классификациясы мен сипаттамасы.....</b>	27
1-тақырып. Жаттығулар классификациясының әртүрлі критерийлері .....	27
2-тақырып. Физикалық жаттығулардың физиологиялық сипаттамасы .....	27
<b>4 Бөлім. Физикалық (қозғалыстық) қасиеттердің физиологиялық даму механизмдері. Күш. Шапшаңдық. Ептілік. Икемділік .....</b>	27
1-тақырып. Күштің физиологиялық негіздері .....	28
2-тақырып. Шапшаңдықтың физиологиялық негіздері .....	28
3-тақырып. Төзімділіктің физиологиялық сипаттамасы .....	28
4-тақырып. Ептілік пен икемділіктің физиологиялық негіздері .....	28
<b>5 Бөлім. Орташа таулы, жоғары температура және ауа ылғалдылығы, төмен температура мен белдеу-климаттық ауысулар жағдайларындағы спорттық қабілеттіліктің физиологиялық негіздері .....</b>	28
1-тақырып. Орташа таулы жағдайдың физикалық қабілеттілікке әсері .....	28
2-тақырып. Жоғары және төмен температураның әсер етінің физиологиялық ерекшелігі және биологиялық ырғақтар .....	28
<b>6 Бөлім. Қозғалыс дағдылары қалыптасуының физиологиялық механизмдері .....</b>	29
1-тақырып. Қозғалыс дағдылары, спорттық жаттығулар қалыптасуының физиологиялық негіздері .....	29
2-тақырып. Спорттық жаттығу және шыныққандылықтың дамуы.....	29
<b>7 Бөлім. Спорттық жаттығу және шыныққандылықтың дамуы .....</b>	30
1-тақырып. Сауықтыру дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтының физиологиялық негіздері .....	30
2-тақырып. Әйелдер спорттық жаттығуларының физиологиялық негіздері .....	30
3-тақырып. Дене тәрбиесі мен спорттың жастық физиологиялық негіздері. Спорттық таңдаудың жалпы негіздері .....	30
<b>8 бөлім. Спорттың циклдык түрлерінің физиологиялық сипаттамасы .....</b>	30
1-тақырып. Жеңіл атлетика .....	31
2-тақырып. Шаңғылық жарыстардың физиологиялық сипаттамасы .....	31
3-тақырып. Жүзудің физиологиялық сипаттамасы .....	31
4-тақырып. Коньки тебушінің қозғалыс жұмысының физиологиялық сипаттамасы .....	31
5-тақырып. Велосипед спортының физиологиялық сипаттамасы .....	31
<b>9 бөлім. Жекпе-жектің физиологиялық сипаттамасы .....</b>	31

1-тақырып. Бокстың физиологиялық сипаттамасы .....	31
2-тақырып. Күрестің физиологиялық сипаттамасы .....	31
3-тақырып. Күрестің ұлттық түрі қазақша күрестің физиологиялық сипаттамасы .....	31
4-тақырып. Қылыштасудың физиологиялық сипаттамасы .....	31
<b>10 бөлім. Спорттық ойндардың физиологиялық сипаттамасы .....</b>	<b>31</b>
1-тақырып. Футболисттердің жалпы физиологиялық сипаттамасы .....	31
2-тақырып. Хоккей .....	32
3-тақырып. Баскетбол, волейбол .....	32
4-тақырып. Гимнастиканың (спорттық және и шығармашылық гимнастикасының, акробатиканың, аэробиканың, фитнестің) физиологиялық сипаттамасы .....	33
<b>Ұсынылатын әдебиеттер тізімі .....</b>	<b>33</b>
«Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі», «Дене тәрбиесі мен спортты оқытудың әдістемесі», «Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиясы» дисциплинасы бойынша қабылдау экзаменінің сұрақтарының тізімі .....	34- 42
Балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша түсушілердің білімі мен компетенцияларының критерийлік бағасы .....	43- 44

## Түсіндірме хат

6M010800 – «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша қабылдау экзаменінің бағдарламасы аталған мамандық бойынша магистратураға қабылдау ережелеріне және «Дене тәрбиесі және спорт теориясы мен әдістемесі», «Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері» дисциплиналары бойынша типтік оқу бағдарламаларына сәйкес құрастырылып шығарылған..

Қабылдау экзамені магистратураға түсу кезінде міндетті құраушылардың ішінде маңызды болып табылады.

Қабылдау экзаменін жүргізудің **мақсаты** «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша магистратураға түсушілердің теориялық-әдістемелік және кәсіби дайындықтарын анықтау болып табылады.

Қабылдау экзамені барысында келесі **тапсырмалар** шешіледі:

- «Дене тәрбиесі және спорт теориясы мен әдістемесі», «Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері» оқу дисциплиналары бойынша талапкердің білім деңгейін бағалау, олар оның кәсіби компетенциясын анықтайды;

- талапкерлердің дене тәрбиесі мен спорт, дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері саласындағы кәсіби ситуациялық тапсырмаларды шешу кезінде ориентир жасай алуын, теориялық жағдайларды практикалық мысалдармен иллюстрациялай білуін бағалау;

- түсінік аппаратын басқару және ғылыми терминологияны қолдану қабілетінің деңгейін бағалау;

- теорияларда, концепцияларда және дене тәрбиесі, дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиясы саласындағы бағыттарда ориентир жасай білу қабілетін, жауап беру кезінде дисциплина аралық ғылыми білімді қолдана білу қабілетін бағалау;

- магистратураға түсушінің ақпараттық және коммуникативтік мәдениет деңгейін бағалау;

- магистратураға түсушінің кәсіби жұмыстың негізгі түрлерін жүзеге асыруға дайындық деңгейін бағалау.

Талапкер міндетті:

### **Білуге:**

- ғылыми білімдер жүйесіндегі дене тәрбиесі мен спорт, дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиясының құрастырылу тенденцияларын;

- кәсіби жұмыстың пәндік саласын сипаттайтын негізгі түсініктерді;

- дене тәрбиесі және спорт теориясы мен әдістемесіндегі, дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиясындағы зерттеу әдістерін;

- дене тәрбиесі және спорт, дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиясының формалары мен функцияларын;

- дене тәрбиесінің негіздері мен құрылысын;

- дене тәрбиесінің құралдары мен әдістерін;

- дене тәрбиесінің заңдылықтары мен принциптерін;

- қозғалыс қимылдарын оқыту теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздерін;

- қозғалыс қабілеттерінің маңызын және олардың бағытты даму әдістемелерінің жалпы негіздерін;

- дене тәрбиесінің жастық ерекшеліктерін;

- дене тәрбиесіндегі жоспарлау;

- дене тәрбиесіндегі бақылау және өз-өзін бақылау;

- физикалық жаттығулар сабақтарын қауіпсіз өткізудің негіздері;

### **Жасай білуге:**

- кәсіби жұмыстың пәндік саласын және оның даму перспективтерін жүйелі елестету;

- дене тәрбиесі және спорт теориясы мен әдістемесі, дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиясы саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;

- дене тәрбиесі, дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиясының құралдары мен әдістерін қолдану ;
- практикалық жұмыс процессінде дене тәрбиесі принциптерін реализациялау;
- физикалық жүктемені нормалау және бақылау;
- қозғалыс қабілеттерінің бағытты дамуын жүзеге асырады;
- тұлғаның дене тәрбиесін құрастыру;
- оқушылардың дене тәрбиесін жоспарлау;
- дене тәрбиесінің тиімділігін бақылау;
- ғылыми-әдістемелік әдебиетпен, нормативтік және басқа документациялармен жұмыс жасау;
- әдістемелік, жоспарлаушы және есептік документацияны форма бойынша құрастыру;

### **Игере білу:**

- дене тәрбиесі және спорт теориясы мен әдістемесі, дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиясының түсінік аппараттарын;
- дене тәрбиесі, дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиясы саласындағы зерттеу әдістерін;
- дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің құралдарын, әдістерін және физиологиялық ерекшеліктерін;
- физикалық жүктемені нормалау әдістемесін;
- қозғалыс қимылдарын оқытудың әдістемесін;
- қозғалыс қимылдарының бағытты даму әдістемелерін, физикалық қасиеттер дамуының физиологиялық механизмдерін;
- дене тәрбиесіндегі бақылау әдістерін.

6M010800 – Дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша қабылдау экзаменінің бағдарламасы «Дене тәрбиесі және спорт теориясы мен әдістемесі», «Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері» көршілес дисциплиналарының оқу материалының мазмұнын интеграциялай отырып жүйелік және комплекстік сипатқа ие болып табылады.

### **I. 6M010800– «Дене тәрбиесі және спорт» бойынша магистерлік бағдарлама бойынша қабылдау экзаменіне қойылатын талаптар**

Қабылдау экзамені бағыт бойынша магистратураға түсуші абитуриенттердің бакалавриат дисциплиналарын (медико-биологиялық, психолого-педагогикалық, гуманитарлық, жалпы кәсіби, әлеуметтік-экономикалық және басқа) оқу процессінде алған білімдерін дене тәрбиесі саласындағы практикалық тапсырмаларды шешу үшін қолдана білу қабілетін анықтауға міндетті. Дене шынықтыру-спорттық жұмыс теориясы мен практикасының сұрақтарының жауаптары басқа, дене тәрбиесі мен спорт магистр-оқытушы квалификациясымен байланысты дисциплиналар позициясынан терең негізге ие болулары керек. Қабылдау экзаменінің бағдарламасы бағыт бойынша «6M010800 – Дене тәрбиесі және спорт» бағыты бойынша магистратураға түсушілердің дайындықтарының деңгейіне қойылатын талаптарды ескере отырып құрастырылды.

Берілгендерге сәйкес, Бағдарлама мазмұны кәсіби білім беру бағдарламасының талаптарына сай сәйкестілікті қарастырады, құрамында жоғарыда аталғандардың дисциплиналардың негізгі бөлімдері, сонымен қатар мамандық бойынша тақырыптары толық ашылмаған түрде, бірақ жауап кезінде қандай дисциплиналардың материалдарын қолдану керектігі туралы көрсетілген қабылдау экзаменінің сұрақтар тізімі бар. Қабылдау экзаменінің бағдарламасы билет сұрақтарына жауаптарды логикалық құрастырылған схема бойынша, жалпы кәсіби : медико-биологиялық, психолого-педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық және басқа болашақ ғылыми-кәсіби жұмыстың ерекшеліктерін сипаттайтын пәнаралық байланысты ескере отырып ұйымдастыру мүмкіндігін жүзеге асырады.

Қабылдау экзаменіне шығарылатын проблемалар комплекстік сипатқа ие және олардың құрамында маманның әртүрлі (теоретикалық, медико-биологиялық,

басқармашылық, ұйымдастыру-әдістемелік және басқа) дене шынықтыру-спорттық тәжірибесінің аспектілері бар.

Экзамен билетінің құрамында бар:

- Жүйелері бойынша екі дисциплинаның теориялық проблемалары;
- Дене шынықтыру мен дене тәрбиесі, спорттық жаттығу жүйесіндегі оқыту

теориялары мен технологиялары бойынша сұрақтар;

· дене тәрбиесі мен спорт физиологиясы бойынша сұрақтар: жаттығушылар организмінің функционалдық жағдайын бақылау, реттеу, диагностика, қозғалыс дағдыларының, физикалық қабілеттер дамуының құрастырылу механизмдері мен физиологиялық негіздері.

Жауап ғылыми дәлелденген, ДШЖС теориясы мен тәжірибесінің сәйкес заңдылықтарына сүйенген, логикалық байланысқан, аргументтелген болуы керек, қабылданған түсінік аппаратын ескере отырып шығарылуы керек.

**II. 6M010800 -«Дене тәрбиесі және спорт » мамандығы бойынша қабылдау экзаменінің құрылысы 2 дисциплинадан тұрады:**

- 1.«Дене тәрбиесі және спорттың теориясы мен әдістемесі».
- 2.«Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиясы».



## **Кіріспе**

Қабылдау экзаменінің бағдарламасы 2 оқу дисциплинасының мазмұнына негізделген және құрамында дисциплиналар бойынша келесі бөлімдер бар:

«Дене тәрбиесі және спорттың теориясы мен әдістемесі»

I Бөлім Дене тәрбиесі және спорт теориясының жалпы негіздері

II Бөлім Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері

III Бөлім Дене тәрбиесінің жастық негіздері.

IV Бөлім Білім беру жүйесіндегі дене тәрбиесінің негіздері.

«Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиясы»

I Бөлім Дене тәрбиесі мен спорт түрлеріндегі адаптация мен резервтердің ролі және физиологиялық негіздер.

II Бөлім. Спорттық жұмыс кезіндегі организмнің функционалдық жағдайының физиологиялық сипаттамасы.

III Бөлім. Физикалық жаттығулардың физиологиялық классификациясы мен сипаттамасы.

IV Бөлім. Физикалық (қозғалыстық) сипаттардың даму механизмі мен физиологиялық негіздері Күш. Шапшаңдық. Ептілік. Икемділік.

V Бөлім. Орташа таулы, жоғары температура мен ауа ылғалдылығы, төмен температура мен белдеу-климаттық ауысулар жағдайларындағы спорттық қабілеттіліктің физиологиялық негіздері.

VI Бөлім. Қозғалыс дағдыларын қалыптастырудың физиологиялық механизмдері.

VII Бөлім. Спорттық жаттығу және шыныққандылықты дамыту.

VIII Бөлім. Спорттың циклдық түрлерінің физиологиялық сипаттамасы. IX Бөлім. Жекпе-жектердің физиологиялық сипаттамасы.

X Бөлім. Спорттық ойндардың физиологиялық сипаттамасы.

XI Бөлім. Гимнастиканың (спорттық және шығармашылық гимнастиканың, акробатиканың, аэробиканың, фитнесінің) физиологиялық сипаттамасы.

## Бағдарлама мазмұны

### «Дене тәрбиесі және спорттың теориясы мен әдістемесі»

#### **Кіріспе.**

Дисциплина «Дене тәрбиесі және спорттың теориясы мен әдістемесі»: мақсат, тапсырмалар, объект, пән, курсты оқыту әдістері, салалар және басқа ғылымдармен байланыс.

#### **1 Бөлім. Дене тәрбиесі және спорт теориясының жалпы негіздері.**

##### **1 Тақырып. Дене тәрбиесі және спорт теориясына кіріспе.**

Дене тәрбиесі және дене шынықтыру туралы ғылыми білімдер жүйесіндегі жалпы теорияның қалыптасу тенденциялары. Ғылыми дисциплина ретінде дене тәрбиесінің теориясы. Дене тәрбиесінің мақсаты, теория пәні және әдістемелері.

Дене тәрбиесі теориясының негізгі түсініктер жүйесі.

Дене тәрбиесі. Тұлғаның дене тәрбиесі. Тұлғаның дене тәрбиесінің негізгі компоненттері.

Дене тәрбиесі тәрбиенің ажырамас бөлігі ретінде, тұлға мен қоғамның дене тәрбиесін бағытты қолдануының негізгі каналы. Дене тәрбиесі педагогикалық процесс ретінде. Мақсат, тапсырмалар, дене тәрбиесінің негізгі жақтары мен оның компоненттері. Физикалық дайындық және физикалық шыныққандылық. Жалпы дене тәрбиелік білім беру.

Физикалық даму табиғи процесс ретінде. Физикалық дамуға әсер ететін факторлар. Физикалық дамудың біркелкі еместігі. Дене тәрбиесі процессінде физикалық дамуды басқару мүмкіндігі. Физикалық дамудың көрсеткіштері.

Физикалық шыңдалу. Физикалық шыңдалған тұлға туралы елестету эволюциясы. Физикалық шыңдалу және оның критерийлері: дамудың жан-жақтылығы, формалар мен функциялар гармониясы, жандық және физикалық және т.б. үйлесімділік.

##### **2 Тақырып. Дене тәрбиесі мен спорт теориясындағы зерттеу әдістері**

Методология және тану әдістері. Дене тәрбиесі теориясындағы диалектико-материалистикалық әдіс: теориялық жағдайлар, заңдар, категориялар.

Танудың жалпылогикалық әдістері: анализ және синтез, абстракциялау, жалпылау, аналогия, индукция мен дедукция, модельдеу.

Теориялық білімді құрастыру әдістері: ойша эксперимент, идеализация және формализация, аксиоматикалық әдіс, абстрактіліктен нақтылыққа ауысу (гипотетико–дедукциялық әдіс), тарихи және логикалық әдістер.

Эмпирикалық білімді құрастыру әдістері: бақылау, сипаттау, өлшеу, эксперимент.

Жеке әдістер: әдебиетті оқу, сұрастыру әдістері, тестілеу, динамометрия, хронометрия, педагогикалық эксперимент және басқа көршілес ғылымдардың әдістері.

##### **3 Тақырып. Дене тәрбиесі мен спортты қолданудың функциялары, формалары және бағыттары.**

Дене тәрбиесінің функциялары. Жалпытәрбиелік функциялар (эстетикалық, нормативтік, ақпараттық, коммуникативтік, тәрбиелік, әлеуметтік). Дене тәрбиесінің специфические функциялары (білім беру, қолданбалы, спорттық, рекреативтік, сауықтыру-реабилитациялық және т.б.)

Дене тәрбиесінің формалары. Базалық дене тәрбиесі, спорт, кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесі, фондық дене тәрбиесі, сауықтыру-реабилитациялық дене тәрбиесі.

Базалық дене тәрбиесі және оның түрлері. Мектептік дене тәрбиесі және дене тәрбиесінің ұзартылған түрлері.

Спорт. Жарыс түрлерінің ерекшеліктеріне байланысты спорттың сипаттамасы. Спорттың дамуына әсер ететін факторлар. Базалық (массалық) спорт және жоғары нәтижелер спорты. Олардың негізгі сипаттамалары: спорттық нәтижелер деңгейі, массалық, дайындық шарттары және басқа.

Кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесі және оның түрлері (кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесінің өзі, әскери-қолданбалы дене тәрбиесі).

Фондық дене тәрбиесі және оның түрлері (гигиеналық, сауықтыру-рекреативтік). Физикалық рекреация (дене шынықтыру-спорттық ойындар, туристік серуендер және с.с). Заманауи адамның өміріндегі физикалық рекреацияның маңызы.

Сауықтыру-реабилитациялық дене тәрбиесі және оның түрлері (емдік дене шынықтыру, спорттық-реабилитациялық және басқа).

Дене тәрбиесін қолданудың арнайыландырылған бағыты (спорт, кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесі және сауықтыру-реабилитациялық дене тәрбиесі).

#### **4 Тақырып. Дене тәрбиесі және спорт жүйесі.**

Дене тәрбиесінің жүйесі. Дене тәрбиесінің мақсаты мен тапсырмалары. Халықтың дене тәрбиесінің жүйесінің құрамы мен құрылысы: кадрлар дайындығы, материалдық-техникалық және ақпараттық қамтамасыздандыру, дәрігерлік-педагогикалық бақылау және т.б.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік тәжірибесі: ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесі, оқушылардың, студенттердің, жұмыс, тұрғын және демалыс орны бойынша халықтың, физикалық және психикалық даму ақауы бар тұлғалардың және т.б. дене тәрбиесі.

Дене тәрбиесінің идеялық, нормативтік, ғылыми, бағдарламалық, ұйымдастырушылық негіздері.

Қазақстан республикасындағы дене тәрбиесі жүйесі. ҚР-дағы дене тәрбиесі мен спорт дамуының Мемлекеттік бағдарламасы және Президенттік тесттер – дене тәрбиесінің жалпы дайындықтық бағытының нормативтік және бағдарламалық негіздері.

#### **5 Тақырып. Дене шынықтыру, спорт және дене тәрбиесінің құралдары.**

Дене тәрбиесінің құралдары. Дене тәрбиесінің Спецификалық және бейспецификалық (жалпыпедагогикалық) құралдары. Физикалық жаттығулар дене тәрбиесінің негізгі спецификалық құралы ретінде. Физикалық жаттығулардың мазмұны мен формасы. Физикалық жаттығулардың қасиеттері. Физикалық жаттығулардың классификациясы.

Физикалық жаттығулар техникасы. Физикалық жаттығулардың кеңістіктік, уақыттық, кеңістіктік -уақыттық, динамикалық және ырғақтық сипаттамалары. Техниканың звеносы мен детальдерін анықтайтын негіз.

Физикалық жаттығулардың адам организміне әсері. Физикалық жүктемеге адаптация. Жүктеменің сыртқы және ішкі жақтары. Жүктеменің сандық және сапалық критерийлері. Жүктеменің көлемі мен интенсивтілігі, жеке жаттығулардағы олардың параметрлері. Физикалық жаттығуды орындау кезіндегі көлем мен интенсивтілік арақатынасының заңдылықтары. Жүктемемен байланысты іздік процесстер. Демалыс және оның түрлері: активті және пассивті. Қайта қалыпқа келу дәрежесіне байланысты демалыс интервалдарының түрлері.

Жүктеменің оптимальды көлеміне және бағытын таңдауға әсер ететін факторлар. Физикалық жаттығуларды қолданудың негізгі нәтижелері: қозғалыс қимылдарын игеру, қозғалыс қабілеттерінің дамуы, организмнің морфофункционалды қасиеттерінің өзгерісі. Физикалық жүктеменің организмге сауықтырушылық әсері. Жаттығулардың сауықтырушылық әсеріне әсер ететін шарттар.

Шыныққандылықтың ауысуы, оның түрлері, және анықтаушы факторлар.

Дене тәрбиесінің бейспецификалық құралдары. Ауызша және графикалық әсер ету құралдары. Табиғаттың сауықтырушы күштері және гигиеналық факторлар дене тәрбиесінің құралдары мен шарттары ретінде. Табиғаттың сауықтырушы күштерінің және гигиеналық факторлардың физикалық жаттығулардың орындалу нәтижесіне әсері.

## **6 Тақырып. Дене тәрбиесі, спорт және дене шынықтырудың әдістері.**

«Әдіс» түсінігінің анықтамасы мен маңызы. Дене шынықтыру мен дене тәрбиесі процессінде қолданылатын спецификалық және бейспецификалық (жалпы педагогикалық) әдістер.

Дене шынықтыру мен дене тәрбиесінің спецификалық әдістері: қатаң регламенттелген жаттығулар әдісі, ойындық және жарыстық әдістер.

Қозғалыс қимылдарын үйрету кезіндегі қатаң регламенттелген жаттығулар әдісінің қолданылуы, оның түрлері мен қолдану ерекшеліктері.

Қозғалыс қабілеттерінің бағытталған дамуы кезіндегі қатаң регламенттелген жаттығулар әдісінің қолданылуы. Жүктеме мен демалысты нормалау. қатаң регламенттелген жаттығулар әдістерінің жүктеме мен демалыс параметрлерінің арақатынасына және сипатына байланысты классификациясы: стандарттық, вариативтік (ауыспалы), үздіксіз, интервалдық жаттығулар әдістері, упражнения, комбинирленген жаттығулар әдістері.

Шеңберлік жаттығу – сабақ өткізудің комплекстік ұйымдық- әдістемелік формасы. Үздіксіз жаттығулар әдісі, ординарлық және демалыстың қатты интервалдарымен интервалдық жаттығулар бойынша шеңберлік жаттығу.

Дене тәрбиесіндегі ойындық әдіс. Дене тәрбиесіндегі жарыстық әдіс. Ойындық және жарыстық әдістердің ерекшеліктері мен қолданылу аймақтары.

Дене тәрбиесіндегі бейспецификалық (жалпы педагогикалық) әдістер. Ауызша идеомоторлық әдістердің және психорегуляциялаушы әсердің қолданылу ерекшеліктері. Графикалықты қамтамасыз ету әдістері.

## **7 Тақырып. Дене шынықтыру, спорт және дене тәрбиесінің принциптері.**

Дене тәрбиесі жүйесінің негізін қалаушы принциптер (тұлғаның жан-жақты гармониялық дамуы, қолданбалы сипат және сауықтыру бағыты).

Қоғамның тәрбиелік стратегиясының жалпы әлеуметтік принциптер, оқытудың және тәрбиенің жалпы педагогикалық (жалпы әдістемелік) принциптері. Танымдылық және активтілік принципі, графикалық принцип, қолжетімділік пен индивидуализация принципі, жүйелілік принципі. Дене тәрбиесінің спецификалық принциптері: дене тәрбиесі процессінің үздіксіздігінің принципі, жүктеме мен демалыстың жүйелі ауысу принципі, дамыту-жаттығулық әсерлерді баяу өсіру принципі, жүктемелер динамикасының адаптацияланған балансының принципі, жаттығулардың циклдық құрылысының принципі, дене тәрбиесі бағыттарының жастық адекваттылығының принципі. Физикалық жаттығулары бар сабақтарға мотивация қалыптастыру.

## **2 Бөлім. Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері**

### **1 Тақырып. Қозғалыс қимылдарын үйрету әдістемесінің негіздері.**

Қозғалыстарды үйретудің мақсаты мен тапсырмалары. Қозғала білу және қозғалыс дағдысы. Қимылдарды меңгерудің деңгейлері: репродуктивті, трансформациялар, шығармашылық қимылдар туралы ойлар. Оқу процессі кезіндегі қозғалыс дағдыларының ауысуы, оқу кезіндегі оның маңызы, түрлері. Қозғалыс дағдысының қалыптасу заңдары.

Оқу процессінің жалпы (типтік) құрылысы. Оқу этаптары, олардың реттілігінің логикасы. Оқудың мақсатына, оқушылардың дайындықтарына, дене тәрбиесінің таңдалған бағытына байланысты оқу процессінің құрылысының варианттары .

Қимыл қозғалыстарын оқытудың алғышарттары.

Алғашқы үйрену этаптары. Этаптағы үйренудің жалпы тапсырмалары. Қимылдау техникасының күрделілігімен үйренушінің дайындық деңгейіне байланысты жеке тапсырмалар. Қозғалыс қимылы туралы жалпы есестетуді құру және оны меңгеруді орнату. Тікелей (практикалық) жаттап алу әдістері: қимылдарды толықтай немесе бөлшектеп жаттау, олардың ерекшеліктері, шарттары мен қолдану ережелері. Дайындық жүйесіндегі және жеке дайындық тапсырмаларының көлемін регламентациялау. Ауызша және көрнекі әсер ететін

қимылдар әдісін пайдалану ерекшеліктері мен ережелері. Алғашқы үйрену этапындағы қателіктердің негізгі себептері.

Қозғалыс қимылы техникасын меңгеруді бақылау. Тереңдетілген жаттау этапы. Үйретудің жеке және жалпы тапсырмалары. Қайталау жаттығулары – қозғалыс икемділігін қалыптастырудың жетекші әдісі болып табылады. Дайындық жүйесіндегі және жеке дайындық тапсырмаларының көлемін регламентациялау. Ауызша және көрнекі әсер ететін қимылдар әдісін пайдалану ерекшеліктері. Қозғалыс қимылы техникасын меңгеруді бақылау. Қозғалыс қимылын жетілдіру этапы. Үйретудің жалпы және жеке тапсырмалары. Қозғалыс қимылын нұсқаулықпен қамтамасыз ету әдістемесі, оны «бұзатын» әр-түрлі факторларға шыдау. Дайындық жүйесіндегі және жеке дайындық тапсырмаларының көлемін регламентациялау. Қозғалыс қимылы техникасын меңгеруді бақылау.

## **2 тақырып. Физикалық сапаны дамытудың теориялық негіздері.**

Физикалық сапа түсінігі. Физикалық сапа көрсеткіштерінің өзгеру динамикасына сай «тәрбиелеу» және «дамыту» түсінігі. Анатомио-физиологиялық және психо-динамикалық нышандар. Қабілеттілік туралы түсінік. Қозғалыс қабілеттілігінің классификациясы. Қозғалыс қабілеттілігін дамытудың негізгі әдістерімен құралдары.

## **3 Тақырып. Күштік қабілеттер және бағытталған дамудың әдістемесі.**

Күштік қабілеттіліктің жалпы сипаттамасы. Күштік қабілеттілікті дамыту тапсырмалары. Күштік қабілеттіліктің физикалық тәрбиелеудегі мәні. Күштік қабілеттіліктің негізгі түрлері: жеке-күштік қабілеттер, жылдамдықты-күштік қабілеттілік және оны көтере білу. Физиологиялық, биохимиялық және биомеханикалық факторлар мен оларды таныту шарттары. Бұлшықет жұмысының режимі. Дамытуға бағытталған күштік қабілеттілік үшін қолайлы жас кезеңдері.

Күштік қабілеттілікті дамытуға бағытталған әдістеме. Күштік қабілеттілікті дамытуға бағытталған құралдар. Күштік қабілеттілікті дамытуға бағытталған ойынды және жарыстық әдістерді, қатаң регламенттелген жаттығу әдісін пайдалану кезіндегі ерекшеліктер.

Күштік қабілеттілікті дамытуға бағытталған негізгі әдістер: максималды күш салу әдісі, «бас тартқанға» дейінгі қайталама күш салу әдісі, изометриялық күш салу әдісі, динамикалық күш салу, ұрмалы әдіс, изокинетикалық әдіс, электростимуляция және т.б. Олардың жеке-күштік, жылдам-күштік қабілеттіліктерімен төзімділік күшіне бағытталған дамуы кезінде пайдалану ерекшеліктері.

Дайындық жүйесіндегі және жеке дайындалу кезіндегі күштік жаттығулар орны

## **4 тақырып. Жылдамдық қабілеттілігі және оны дамытуға бағытталған әдістер**

Жылдамдық қабілеттілігінің жалпы сипаттамасы. Жылдамдық қабілеттілігін дамыту тапсырмалары. Жылдамдық қабілеттілігінің

физикалық тәрбиелеудегі мәні. Жылдамдық қабілеттілігінің негізгі түрлері: қарапайым және кешенді. Күрделі және қарапайым қозғалыс реакциясының беймәлім уақыты және қозғалыс реакциясы, аздаған сыртқы кедергі кезіндегі қозғалыс жылдамдығы, максималды қозғалыс жиілігі. Оларды танытатын шартты психологиялық, физиологиялық және биохимиялық факторлар. Дамытуға бағытталған күштік қабілеттілік үшін қолайлы жас кезеңдері.

Жедел әрекет ету және қозғалыс жылдамдығын дамытуға бағытталған әдістеме. Қозғалыс жылдамдығын бағыттауға арналған құралдар. Қозғалыс жылдамдығын дамытуға бағытталған ойын және жарыс түріндегі қатаң регламенттелген әдістерді пайдалану ерекшеліктері.

Күрделі және қарапайым қозғалыс реакциясын жылдам дамытуға бағытталған әдістемелер негізі.

Қозғалыс жылдамдығын арттыру әдістемесінің негізі. Қозғалыс жылдамдығын арттыру кезіндегі ауырлықпен демалысты нормалау ережелері. Жылдамдық барьері және олармен күресу әдістері.

Дайындық жүйесіндегі және жеке дайындалудағы жылдам жаттығу орны. Жылдамдық қабілеттілігінің деңгейін бақылау.

### **5 тақырып. Төзімділік және оны дамытуға бағытталған әдістер**

Төзімділіктің жалпы сипаттамасы. Төзімділікті дамытуға арналған тапсырмалар. Төзімділіктің физикалық тәрбиелеудегі мәні. Шаршау және төзу. Төзімділіктің әр-түрлі классификациясы: жалпы және арнайы төзімділік, аэробты және анаэробты төзімділік, күштік, жылдам, жылдам-күштік, координациялық төзімділік, динамикалық және статикалық төзім. Төзімділіктің даму деңгейін шарттайтын психологиялық, физиологиялық және биомеханикалық факторлар. Бұлшықет жұмысын энергиямен қамтамасыз ететін негізгі биохимиялық механизмдер. Дамытуға бағытталған күштік қабілеттілік үшін қолайлы жас кезеңдері.

Төзімділікті дамытуға бағытталған әдістеме. Төзімділікті дамытуға бағытталған құралдар. Төзімділікті дамытуға бағытталған ойын және жарыс түріндегі қатаң регламенттелген жаттығу әдістерін пайдалану ерекшеліктері. Әр-түрлі қуат аймағында орындалатын жаттығулардағы төзімділікті дамытуға бағытталған ауырлықтың негізгі компоненттері.

Аэробты және анаэробты төзімділікті дамытуға бағытталған әдістердің ерекшеліктері. Ауырлықпен демалысты нормалау, құралдар мен әдістерді ерекше таңдау.

Төзімділікті дамытуға бағытталған қосымша факторлар. Дайындық жүйесіндегі және жеке дайындалу кезіндегі төзімділік жаттығу орны. Төзімділіктің даму деңгейін бақылау

### **6 тақырып. Үйлестіру қабілеті және оларды дамытуға бағытталған әдістер**

Үйлестіру қабілетінің жалпы сипаттамасы. Үйлестіру қабілетін дамыту тапсырмалары. Үйлестіру қабілетінің физикалық тәрбиелеудегі мәні. Үйлестіру қабілетін қарауға арналған әр-түрлі ғылыми жақындау. Үйлестіру қабілетін дамытуға бағытталған қолайлы жас кезеңдері. Үйлестіру қабілеттілігін дамытуға бағытталған әдістеме. Үйлестіру қабілетін дамытуға бағытталған құралдар. Үйлестіру қабілетін дамытуға бағытталған ойын және жарыс түріндегі қатаң регламенттелген жаттығу әдістерін пайдалану ерекшеліктері. Үйлестіру қабілетін дамытуға бағытталған ауырлықты нормалау. Үйлестіру қабілетін дамытуға бағытталған жаттығуларға ерекше әдісте тәсіл енгізу.

Статистикалық және динамикалық тепе-теңдікті қолдауды дамытуға бағытталған әдістеме, бұлшықеттің рационалды демалу қабілеттілігі. Қозғалыстың кеңістікті параметрлерін реттеу және сақтау қабілеті.

Дайындық жүйесіндегі және жеке дайындалудағы үйлестіру қабілетін дамыту үшін жаттығу орны.

### **7 тақырып. Иілгіштік және оны дамытуға бағытталған әдістеме.**

Иілгіштіктің жалпы сипаттамасы. Иілгіштікті дамыту тапсырмасы. Физикалық тәрбиелеудегі иілгіштіктің мәні. Иілгіштіктің негізгі түрлері: активті және пассивті, динамикалық және статистикалық, жалпы және арнайы. Иілгіштікті шартты түрде көрсететін

психологиялық, физиологиялық және биомеханикалық факторлар. Иілгіштікті дамытуға бағытталған қолайлы жас кезеңдері.

Иілгіштікті дамытуға бағытталған әдістемелер. Иілгіштікті дамытуға бағытталған тапсырмаларды қою ерекшеліктері. Иілгіштікті дамытуға бағытталған құралдар. Иілгіштікті дамытуға бағытталған әдісті физикалық тәрбиелеуде қолдану ерекшеліктері. Иілгіштікті дамытуға бағытталған тиімділікті арттыруға арналған әдістемелік тәсілдер. Иілгіштікті дамытуға бағытталған ауырлықты нормалау. Жаттығу жүйесі және жеке жаттығу кезіндегі иілгіштік жаттығу орны. Иілгіштік дамуының деңгейін бақылау.

**8 тақырып.** Физикалық тәрбиелеу процессіндегі дене бітіммен келбетті қалыптастыру.

Дұрыс келбет сипаттамасы. Физикалық жетілудің компоненті ретінде дұрыс сымбат мәні. Келбетке әсер ететін факторлар. Келбеттің бұзылуы. Келбетті физикалық тәрбиелеу құралдарымен бұзу профилактикасы. Дұрыс келбетті қалыптастыру тапсырмалары, құралдары және әдістемелері. Келбеттің бұзылуын түзету әдістемесінің негізі.

Көпжылдық физикалық тәрбиелеу процессінде жаттығу жүйесіндегі және жеке жаттығу кезіндегі сымбаттылық жаттығуының орны.

Физикалық тәрбиелеудегі дене массасын реттеу тапсырмалары. Дененің массасын анықтайтын факторлар. Беттің, дененің қалыпты критерийлері мен оны бақылау амалдары. Дене массасын реттеу әдістемесінің негіздері.

### **9 тақырып. Физикалық тәрбиелеудегі тапсырмаларды құру формалары.**

Физикалық тәрбиелеудегі физикалық жаттығумен дайындалу формалары. Дайындалудың құрамы мен құрылымы.

Жұмысқа қабілеттілік динамикасы – дайындық құрылымын анықтайтын негізгі фактор. Дайындалудың негізгі бөлшектері және олардың өзара байланысы. Әр-түрлі факторларға тәуелді мазмұнмен дайындалу құрылымына тәуелділігі (дайындық тапсырмалары, дайындалушының дайындығы, дайындалу процессіндегі дайындалушының жұмыс қабілетінің өзгеруі, метеорологиялық жағдай, материалдық жағдай және т.б.).

Дайындықтың белгіленген формалары. Дайындықтың белгіленген формаларының ерекшеленген шегі. Шешілетін тапсырмаларға байланысты дайындықтың белгіленген формасының типтері.

Дайындықты өткізу әдістемесінің жалпы негіздері. Дайындықтың басталуын ұйымдастыру. Сабақтағы жұмысты (фронталды, топтық, жеке) ұйымдастыру әдістері. Қосымша жаттығулар әдісі. Мұғалімнің дайындыққа орын таңдауы. Командаларды, бұйрықтарды және нұсқауларды қолдану. Дене шынықтыру сабағындағы оқушылардың оқу қабілетін белсендіру амалдары. Дене шынықтыру сабағында физикалық ауырлықты нормалау. Дене шынықтыру бойынша оқу процессін жекелендіру. Оқудың дайындалу бөлімін құру және өткізу әдістемесінің негіздері. Дайындықтың негізгі бөлімін құру және өткізу әдістемесінің негіздері. Дайындықтың қорытынды бөлімін құру және өткізу әдістемесінің негізі.

Мұғалімнің сабаққа алдын-ала және тікелей дайындығына қойылатын негізгі талаптар. Мерзімді типтегі дайындықты өткізудің сапалық критерийі.

Дайындықтың мезгілсіз формалары. Мезгілсіз типті дайындықтардың ерекшеленетін белгілері. Мезгілсіз типті дайындықтың шағын формалары: таңғы гигиеналық жаттығу, кіріспе гимнастика, дене шынықтырудағы үзіліс. Шағын дайындық формаларының әдеттегі белгілері.

Дайындықтың мезгілсіз типті ірі формалары: өз бетімен дайындалу сабақтары (жеке немесе топтық), дайындықтың дене шынықтыру-рекреативтік формалары, дайындықтың жарыс түріндегі формалары.

Физикалық тәрбиелеудегі дайындықтың мезгілсіз форма орны. Өзіндік және ұйымдастырылған дайындықтың беймезгіл формасының сипаттамасы мен әдістемелік ерекшеліктері (жекелей, топтық және массалық). Дамытушы, сауықтырушы және қалпына келтіруші физикалық жаттығулардың ерекшеліктері

### **10 тақырып. Физикалық тәрбиені жоспарлау және бақылау.**

Жоспарлау педагогтың тәжірибелік әрекеті секілді. Физикалық тәрбиелеу процессін шартты түрде тиімді жоспарлау факторлары (мақсатты дайындалушының ерекшелігі, жоспарды жүзеге асыру шарттары, уақыт бюджеті және т.б).

Жоспарлау түрлері: жедел, ағымдық (этаптық), циклдық және перспективті. Жоспарлауға қойылатын талаптар: мақсатты түрде бағыттау (нақты мақсатты жүзеге асыру), жүйелілік, перспективтілік, ғылыми дәлелдеу, ақиқат, дәлдік, нақтылық, жоспардың келісімділігі, форма мазмұны мен әдістердің әр-түрлілігі, оқушылардың қызығушылығымен талаптарын жүзеге асыруалдыңғы жұмыс пен қорытынды нәтижелерін есепке алу және т.б. Жоспарлау технологиясы: ақпараттарды алдын-ала жинақтау, тапсырмаларды бекіту және соңғы нәтижелерді анықтау, жоспарды өңдеу кезіндегі операцияның кезектілігі, ауырлық динамикасын нормалау, жоспарлау құжатын рәсімдеу.

Жоспарлау құжатын рәсімдеу түрлері: тексттік, графикалық, желілік. Жоспарлар мазмұны мен формалар нұсқаулығы.

Физикалық тәрбиелеудегі педогогикалық бақылаудың мәні. Дайындық әсерін басқарудағы бақылаудың мәні. Педогогикалық бақылау түрлері: алдын-ала, ағымдық, этапты, қорытынды бақылау және өзін-өзі бақылау. Педогогикалық бақылаудың мазмұны (білімді бақылау, физикалық жаттығуларды орындау техникасы және қызмет ету қабілетінің тиімділігі, қозғалыс қабілетін дамыту деңгейі). Жетістікке жету деңгейі, баға шкаласымен критериілері. Тестке қойылатын талаптар. Мектеп тәжірибесіндегі қолданылатын тесттер және тестілеу әдістемелері. Оқушының физикалық жағдайын бағалаудың кешенді жүйесі.

Жедел бақылау, сабақтағы жедел бақылау көрсеткіштері (объективті және субъективті). Ағымдағы бақылау, ағымдағы бақылау көрсеткіштері. Этапты бақылау, этапты бақылау көрсеткіштері. Нәтижелер талдауы. Қорытынды бақылау.

Өзін-өзі бақылау және оның көрсеткіштері. Өзін-өзі бақылау күнделігі. Күнделікті жүргізу әдістемесі, өзін-өзі бақылау нәтижелерінің талдауы. Педогогикалық, дәрігерлік бақылау және өзін-өзі бақылау бірлігі.

## **3 Бөлім. Дене тәрбиесінің жастық негіздері.**

**1 Тақырып . Дене тәрбиесі көпжылдық процесс ретінде және оның жастық дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі ерекшеліктері.**

Өмірдің әртүрлі кезеңдеріндегі адамның дене тәрбиесінің ерекшеліктерін анықтайтын әлеуметтік-биологиялық факторлар. Жастық дамудың негізгі фазалары мен кезеңдері. Қазақстан Республикасы халқының жастық құрылысы және оның дене тәрбиесінің мемлекеттік жүйесінде көрінуі. Дене тәрбиесі (дене шынықтыру білімі) балалар мен жастардың үдемелі даму фазасындағы дене тәрбиесінің бағытты қолданылуының негізгі формасы ретінде.

**2 Тақырып.Ерте жастағы балалардың дене тәрбиесі.**

Ерте жастағы дене тәрбиесінің мағынасы. Ерте жастағы балалардың дене тәрбиесін қамтамасыз етудегі отбасының ролі. Дене тәрбиесі тапсырмаларын орнатудың спецификасы. Ерте жастағы балалармен дене тәрбиесі сабақтарының мазмұны мен әдістемесі. Дене тәрбиесінің бағытты қолданылуының формалары. Жаңа туылған,емшектегі балалар және ерте жастағы балалармен дене тәрбиесі сабақтарын және қозғалыстың активтілік режимін ұйымдастыруға әдістемелік талаптар.

**3 Тақырып.Мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесі.**

Мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесі. бала бақша жағдайында балалардың дене тәрбиесі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру,. Тапсырмалар және



мазмұны. Рационалды күн тәртібі. Мектепке дейінгі жастағы дене тәрбиесін бағытты қолданудың негізгі формалары.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың қозғалыс қабілеттерінің бағытты дамуы мен қозғалыстарды оқыту әдістемесінің ерекшеліктері. Мектепке дейінгі балалардың дене тәрбиесінің әдістері мен адекватты құралдарын таңдау. Мектепке дейінгі жастағы балалармен дене тәрбиесі сабақтарының мақмұны мен құрылысы.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесінің нәтижелерін бақылау.

#### **4 Тақырып. Еңбек жұмысының негізгі кезеңіндегі (ақыл тоқтатқан уақыт) адамдардың дене тәрбиесі және спорт.**

Еңбек жұмысының негізгі кезеңіндегі дене тәрбиесінің бағытты қолданылуының тапсырмалары мен әлеуметтік маңызы.

Өндірістік дене тәрбиесі (ұйымдастыру түрлері мен әдістеменің типтік сипаттары). Жұмыс және тұрғылықты орны бойынша жұмыстан бос уақыттағы дене тәрбиесі (дене шынықтыру-сауықтыру жұмысының ұймдасқан және жеке формалары). Еңбек жұмысының негізгі кезеңіндегі айналысушылармен спорттық-массалық жұмыс.

Ақыл тоқтатқан жастағы адамдардың физикалық дайындықтарын бақылау.

#### **5 Тақырып. Егде және қарттық жастағы адамдардың дене тәрбиесі және спорт.**

Организм қартаюының негізгі жастық кезеңдері. Қазақстан Республикасындағы зейнеткерлік жастағы адамдар контингентінің әлеуметтік – демографиялық сипаттамасы. Организмдегі инволюциялық өзгерістер және дене тәрбиесін бағытты қолданудың тапсырмалары.

Егде және қарттық жаста дене тәрбиесімен рекреативті бағыттылықпен және жалпы дайындықпен айналысудың негізгі формалары. Дене тәрбиесін бағытты пайдалану әдістемелерінің құралдары мен типтік сипаттары.

Егде және қарттық жастағы адамдармен дене шынықтыру-сауықтырумен айналысу процессіндегі педагогикалық, дәрігерлік бақылау мен өз-өзін бақылау.

#### **4 Бөлім. Білім беру жүйесіндегі дене тәрбиесінің негіздері.**

##### **1 Тақырып. Жалпы білім беретін мектептегі дене тәрбиесі.**

Жалпы білім беретін мектептегі оқу кезеңіндегі оқушылардың дене тәрбиесінің маңызы. Оқушылардың жалпы дене шынықтыру білімін алуы ұлттық дене тәрбиесі құралдарымен физикалық және рухани сауығуы ретінде. «Дене тәрбиесі» оқу пәні жалпы дене тәрбиелік білім берудің негізгі формасы ретінде. Оқу пәнінің негізгі жақтары және оның компоненттері. Жалпы дене тәрбиесі білімінің жалпы орты білімнің әртүрлі кезеңдеріндегі деңгейлері. Оқу пәнін меңгеру процессі кезіндегі оқушылардың мазмұнының, құрылуының, оқу әдістемелерінің, тәрбиесінің және дамуының ерекшеліктері. Оқушылардың отбасындағы дене тәрбиесі.

##### **2 Тақырып. «Дене тәрбиесі» оқу пәнінің мазмұны.**

«Дене тәрбиесі» оқу пәні ГОСО форматында. Білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандартының мақсаты, тапсырмалары және мазмұны.

1-4, 5-9, және 10-11 сыныптар үшін «Дене тәрбиесі» пәні бойынша оқу бағдарламалары. Оқу бағдарламасының жалпы структурасы. Оқу материалының мазмұны. Оқушыларға, бастапқы, негізгі және орта мектепті бітірушілерге қойылатын талаптар. Жалпы орта білімнің әрбір кезеңінде меңгеруге тиісті қабілеттер, дағдылар және жұмыстың универсалды әдістері. Дене тәрбиесі құралдарын жеке қолдануға қажетті компетенцияларды қалыптастыруға оқу бағдарламаларының бағыттылығы.

### **3 Тақырып. Жалпы білім беретін мектептегі оқу процессін жоспарлау әдістемесі.**

Жоспарлау оқушылардың дене тәрбиесі білімін басқарудың бастапқы компоненті ретінде. Дене тәрбиесі білімін жоспарлау технологияларының тиімділігін анықтайтын алғышарттар. (оқытушының жеке тәжірибесі мен білімі, бағдарлаалық-нормативтік талаптардың болуы,климаттық, экологиялық және материалдық-техникалық шарттардың есебі).

Дене тәрбиесі білімін жоспарлау процессіне қойылатын талаптар (компоненттердің ғылыми болуы, үздіксіздігі, реттілігі және параллельділігі, ұйымдасушылығы және басқа). Уақыт факторы дене тәрбиесі білімін жоспарлау процессінің құжаттар мазмұнының ашылуының тереңдік және конкретизация деңгейін анықтайтын негіз ретінде .

Жоспарлаудың негізгі құжаттарының құрастырылу технологияларының негізгі сипаттамалары ( дене тәрбиесі бойынша сабақтың жоспар-конспектi, оқу тоқсанына сабақтық жоспар, оқу процессінің жылдық жоспар-графикі).

